ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
Шымкент ҚАЛАСЫ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
ЖШС "Dostyk School Shymkent"

РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ
ГОРОДА Шымкент
ТОО "Dostyk School Shymkent"

Шымкент қаласы, Солтүстік-Батыс мөлтек ауданы, 1864 учаскесі e-mail: dostyq.schoolshymkent@gmail.com

город Шымкент, мкр.Северо-Запад,уч.1864
e-mail: dostyq.schoolshymkent@gmail.com

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2024 жылғы 23 қазан
Шымкент қаласы

№ 180
город Шымкент

Кәмелетке толмағандар арасында қылмыстық құқықбұзушылықтың алдын алу туралы

Қоғамдық және құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету саласындағы жұмыстары және қылмысқа қарсы күресті ұйымдастыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қадағалаусыз жүрген кәмелетке толмаған балаларды анықтау мақсатында көшелерге, аулаларда, саябақтарда, ойын-сауық орындарында профилактикалық, рейдтік іс-шараларын ұйымдастыру А.Ш.Сатыбалды, Е.Ж.Кадировқа жүктелсін.
2. Кәмелетке толмағандар үшін ішкі істер қызметкерлерімен кездесу өткізу жұмыстары жүргізілсін.
3. Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру,споттық үйірмелерге тартылуын қадағалау сынып жетекшілеріне, дене тәрбиесі мұғалімдеріне міндеттелсін.
4. Мектепке адам өміріне қауіп төндіретін (атыс қаруы, суық қаруды, пышақ, үшкір зат, химиялық қоспа сұйық зат, суық қару) заттар туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізу А.Ш.Сатыбалды, Е.Ж.Кадировқа және бекітілген сынып жетекшілеріне жүктелсін.
5. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары А.Ш.Сатыбалды, Е.Ж.Кадировқа жүктелсін.

Мектеп директоры: Хамидов И.Х.

Бұйрықпен таныстым: _____ _____
қолы қолтаңбаның толық мәні

Бұйрықпен таныстым: _____ _____
қолы қолтаңбаның толық мәні

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
ЖШС"Dostyk School Shymkent"

Шымкент қаласы, Солтүстік-Батыс мөлтек ауданы, 1864 учаскесі
e-mail:
dostyq.schoolshymkent@gmail.com

РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ
ГОРОДА Шымкент
ТОО "Dostyk School Shymkent"

город Шымкент, мкр.Северо-Запад,уч.1864
e-mail:
dostyq.schoolshymkent@gmail.com

БҰЙРЫҚ
2024 жылғы 02. қыркүйек
Шымкент қаласы

ПРИКАЗ
№ 161
город Шымкент

Оқушылардың арасында құқықбұзушылықтың, аутодеструктивтік жағдайлардың, тұрмыстық, зорлық-зомбылықтың, жыныстық, қолсұғылмаушылықтың алдын алу туралы

Оқушылардың арасында құқықбұзушылықтың, аутодеструктивтік жағдайлардың, тұрмыстық, зорлық-зомбылықтың, жыныстық, қолсұғылмаушылықтың алдын алу мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектеп оқушыларымен аутодеструктивтік жағдайлардың, тұрмыстық, зорлық-зомбылықтың, жыныстық, қолсұғылмаушылықтың алдын алу жұмыстарын жүзеге асыру мақсатында жұмыс жоспары жасалсын.
2. Мектеп оқушылары арасында аутодеструктивтік жағдайлардың, тұрмыстық, зорлық-зомбылықтың, жыныстық, қолсұғылмаушылықтың алдын алу жұмыстарын мектептің психологиялық қызмет мүшелері жүргізсін.
3. Мектеп оқушыларымен психологиялық профилактика, психодиагностика, психологиялық білім беру, ағарту, кеңес беру жұмыстары тренингтер, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдармен бірлескен жұмыстар ұйымдастыру педагог-психолог Н.Ғ.Ерекеноваға жүктелсін.
4. Оқушылар арасында аутодеструктивтік жағдайлардың, тұрмыстық, зорлық-зомбылықтың, жыныстық, қолсұғылмаушылықтың алдын алу жұмыстарын үйлестіруді директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Ш.Сатыбалдыға жүзеге асырсын.
5. Бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры: И.Х.Хамидов

Бұйрықпен таныстым: _____ Ерекенова Н.Ғ.
қолы қолтаңбаның толық мәні

Бұйрықпен таныстым: _____ Сатыбалдо А.Ш.
қолы қолтаңбаның толық мәні

РЕСПУБЛИКАСЫ ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ * РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН ГОРОДА ШЫМКЕНТ
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ
Dostyk School Shymkent
БСН/БИН 210840010623
ТОВАРИЩЕСТВО С ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ

Бекітемін
Мектеп директоры
_____ И.Х.Хамидов

Құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша іс-шаралар жоспары
2024-2025 оқу жылы

р/с	Атқарылатын жұмыстар	Орындалу мерзімі	жауапты адам
1.	Профилактикалық кеңестің жұмысын жандандыру	тұрақты	пән мұғалімдері
2.	Құқық кабинетін ұйымдастыру	Жыл соңына дейін	Әкімшілік мүшелері
3.	Мұғалімдердің құқықтық білімдерін арттыру мақсатында жүргізілетін құқықтық оқуды жалғастыру	айына 1 рет	пән мұғалімдері
4.	Ата-аналар арасында құқықтық жауапкершілік және құқықтық заңдар төңірегінде лекциялар ұйымдастыру	тұрақты	Сын. жетекшілер, құқықтық оқу жетекшісі
5.	Оқушылар арасында құқықтық тәрбиені күшейту мақсатында құқықтық білім күнін өткізу	әр айдың 3 жұмасы	ДТІЖО
6.	ҚР мемлекеттік рәміздерін насихаттау жөнінде оқушылар арасында тәрбие сағаттарын, кураторлық сағаттарөткізу	тұрақты	10-11 сынып жетекшілер
7.	ҚР рәміздеріне байланысты жарлықтар және қосымша әдебиеттермен оқырмандарды таныстыру	тұрақты	кітапханашы
8.	10 сынып жетекшілерінің құқықтық тәрбие бағытындағы істеген жұмыстарын тексеру	тұрақты	10 сынып жетекшілер
9.	Оқушылар арасында ҚР президентінің «Әділетті мемлекет.Біртұтас ұлт.Берекелі қоғам » жолдауын насихаттау жұмысын жалғастыру	тұрақты	тарих, география пән. мұғалімдері, сынып жетекшілер
10.	Оқушы жастардың өзін-өзі басқару жұмысының белсенділігін арттыру	тұрақты	Педагог ұйымдастырушы А.С.Серикбай
11.	Құқық қорғау органдары ішкі істер бөлімімен келісе отырып, ұлдар арасында құқықтық мәселелерге байланысты әңгімелер, лекциялар, сұхбаттар ұйымдастыру	келісілген мерзімде	Сынып жетекшілер
12.	Құқық тақырыбына реферат, тест, анкета толтыру	тұрақты	11 сынып жетекшілер
13.	Кешкі рейдке шығу	тұрақты	А.Ш.Сатыбалды Е.Ж.Кадиров
14.	Ұлдар кеңесіңнің жұмысын жандандыру	айына 1 рет	Е.Ж.Кадиров
15.			

ДТІЖО: А.Ш.Сатыбалды
Е.Ж.Кадиров

Х А Т Т А М А №1

Шымкент қаласы
Күні: 04.09.2024 ж

Қатысқандар:

1. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары
2. Абай ауданы полиция лейтенанты А.Е.Қаратаев
3. Сынып жетекшілер
4. 10-11 сынып оқушылары

Күн тәртібінде:

1) Құқық бұзушылықты алдын-алу бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізу.
2) Мектептің ішкі тәртіп ережесіндегі оқушы міндетерін таныстыру.

Тыңдалды:

«Назар аударыңыз – балалар» жедел-профилактикалық іс-шаралар аясында Абай ауданы полиция лейтенанты А.Е.Қаратаев «Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу» тақырыбы бойынша баяндама оқып мектебіміздің 10-11 сынып оқушыларымен құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша түсіндірме жұмыстарына өткізді.

Екінші мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Е.Ж.Кадиров мектептің ішкі тәртіп ережелеріндегі оқушылардың міндеттерін және Қазақстан Республикасында кәмелетке толмағандардың арасында құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша, балалардың қадағалаусыз қараусыз жүруінің салдары қандай заңбұзушылыққа ұрындыратындығы жөнінде айтып өтті.

Қаулы:


1. Мектеп тәртібі мен оның аумағында қылмыстық құқық болдырмауына бақылау мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Е.Ж.Кадировқа, 10-11сынып жетекшілеріне және мектеп психологы Н.Ғ.Ерекеноваға жүктелсін

ДТІЖО: Е.Ж.Кадиров

Хатшы: **Сатыбалды А.Ш.**

Құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша түсіндірме жұмыстары

04.09.2024 ж.







Х А Т Т А М А №

ЖШС "Dostyk School Shymkent" мектебі
Шымкент қаласы
Күні: 24.09.2024 ж

Қатысқандар:

1. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Ш.Сатыбалды,
2. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Е.Ж.Кадиров
3. Педагог-психолог Н.Ғ.Ерекенова
4. 10-11сынып оқушылары

КҮН ТӘРТІБІ

1. Жасөспірімдер арасында зорлық-зомбылықтың және нашақорлықтың алдын алу бойынша жоғарғы сынып оқушыларына түсіндірме жұмыстарын жүргізу.

Қаралған мәселелер:

Зорлық-зомбылық балалардың денелік және психологиялық денсаулықтары және жан-жақты дамулары үшін ауыр машақат болып табылады. Әсіресе, өмір жағдайында түрлі соққылар, зорлық – зомбылық жағдайы көп кездеседі. Балаларға қатысты зомбылықтың алдын алу және бағытталған профилактикалық сипаттағы шараларды жүргізуде ақпараттық үгіттеушілік жұмыстарды өткізу бүгінгі күннің басты талабы болып табылады. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары А.Ш.Сатыбалды, Е.Ж.Кадиров. және мектеп психологы Н.Ғ.Ерекенова 10-11 сынып оқушыларына «зорлық-зомбылықтың және нашақорлықтың алдын алу бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Түсіндірме жұмыстарын жүргізу барысында мектеп психологы Н.Ғ.Ерекенова тақырыпқа сай оқушылардан сауалнамалар алып құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша анықтау жұмыстарын жүргізді.


Егеменді елдің азаматын тәрбиелеуде әр тәрбиешінің, әр ұстаздың ең басты мақсаты – дені сау, ұлттық сана – сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениеті, парасаты, ар – ожданы мол, еңбекқор, іскер, бойында игі қасиеттері бар адамды тәрбиелеу болса, бүгінгі қоғамда жас ұрпақтың бойында зорлық – зомбылық жасауына жол бермеу, өзін – өзі қорғай білуін қалыптастырудың, оқушыларға осы патриоттық сезімдерді жеткізе білсек, оқушының көкейіне патриотизм туралы ой сала білсек, үлгі көрсетсек, онда заманға сай, қоғамға керекті азамат, отансүйгіш, елін сүйгіш азамат, елге қызмет ететін қайраткер тәрбиелейміз деген сөз.

Қаулы:

1. «Жас өспірімдер арасында зорлық-зомбылықтың алдын алу» және «Жастар арасындағы нашақорлықтың алдын алу» бойынша, ағарту жұмыстарын жоспарға сай жүйелі түрде жүргізіліп отырсын.

Мектеп директоры: Хамидов И.Х

ДТІЖО: А.Ш.Сатыбалды, Е.Ж.Кадиров.




STOP
BULLYING
VERBAL
BULLYING



ЖШС "Dostyk School Shymkent" мектебі

Х А Т Т А М А №4

Шымкент қаласы

Күні: 17.10.2024 ж

Қатысқандар:

1. Мектеп директоры Хамидов И.Х.
2. Абай аудандық прокуратурадан Н. Турлыби
   Мектеп директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары
   А.Ш.Сатыбалды, Е.Ж.Кадиров
3. Мектеп психологы Н.Ғ.Ерекенова
4. 10-11 сынып оқушылары және сынып жетекшілер

Күн тәртібінде:

1. « Бала құқығы-басты құндылық» ақпараттық акциясын түсіндіру
2. Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша.

Тыңдалды: Абай аудандық прокуратура Н.Турлыби оқушыларға « Бала құқығы-басты құндылық» айлық акциясы прокурорлық сағат өтіп жатқандығын айтып өтті. Сонымен бірге жасөспірімдер арасында зорлық-зомбылықтың алдын алу әдетте қылмыстың ең көп түрі алдау екендігін түсіндірді. Кәмелетке толмағандардың арасында құқық бұзушылықтың алдын алу және балалардың қадағалаусыз және қараусыз жүруінің алдын алу жөніндегі заңнаманы қалыптастыру және дамыту жұмыстары жүргізіліп жатқандығы жөнінде түсіндірме жұыстарын жүргізді.

Сонымен қатар оқушыларға адам құқықтары мен бостандықтары туралы, құқық бұзушылық пен зорлық-зомбылықтың алдын ала бойынша, кәмелетке толмағандар жөніндегі қылмыстың алдын алу және оған жол бермеу тақырыбы бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, тақыпқа сай бейнероликтер көрсетті.

діни экстремистік терроризмнің алдын алу;

Шешім:

1. Мектеп оқушыларына қосымша профилактикалық әңгіме жүргізілсін.
2. Балалардың бос уақытын қадағалау ата-аналар тарапынан күшейтіліп және бос уақыттарын тыйымды пайдалану қадағалансын.

Мектеп директоры: Хамидов И.Х.

ДТІЖО: А.Ш.Сатыбалды,

Е.Ж.Кадиров.

Құқықбұзушылықтың алдын алу жұмыстары. 17 .10.2024 ж.





Зорлық- зомбылыққа қарсы 16 күн белсенді іс –қимыл

ЖШС «Dostyk School Shymkent» мектебі

№ 5 ХАТТАМА

Шымкент қаласы

Күні: 22.05.2024 ж

Қатысқандар:

1. Мектеп әкімшілігі;
2. Ата-аналар ;
3. Сынып жетекшілер;

КҮН ТӘРТІБІ

1. 2023-2024 оқу жылының қорытындысы және жаңа 2024-2025 оқу жылының міндеттері.

2.Мектептің жарғысы мен ішкі тәртіп ережесін талқылау; Мектеп формасына қойылатын талаптар.

3. «Құқық бұзушылықтың алдын алу»; Ата-аналардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіру (Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 127 бабына кеңінен тоқталу)

4.Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу;

5.«Жол көліктен жарақаттануды алдын-алу және олардың зардабын анағұрлым төмендету» жөнінде ескертулер жасау;

6.Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын-алу

Бірінші мәселе бойынша мектеп директоры И.Х.Хамидов сөз алып, күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырды. Сонымен қатар, өткен оқу жылында жоспар бойынша жұмыстар атқарылып, қанағаттанарлықпен аяқталғанын айтып өтті. Алдағы оқу жылына қойылатын міндеттермен таныстырып кетті.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңына, мектеп ұйымының Жарғысына сәйкес жасалған негізгі мәселесі білім беру қызметі болатын жалпы білім беретін мектебінің оқушыларына арналған ішкі тәртіп ережесі.

2.Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы №26 бұйрығы "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 14-1) тармақшасы негізінде,орта білім беру ұйымдарындағыміндетті мектеп формасы төмендегідей талаптармен көрсетіледі:

- Орта білім беру ұйымдарының міндетті мектеп формасы (бұдан әрі – мектеп формасы) оқытудың зайырлы сипатына сәйкес келеді. Мектеп формасының үлгісі, түсі классикалық стильде, бірыңғай түс гаммасында жасалады.
- Мектеп формасының түрі классикалық стильде, бірыңғай түс гаммасында, жолақтарсыз, торсыз қою көк немесе қара түсті.

Ұлдардың мектеп формасы:пиджак, жилет, шалбар, мерекелік жейде, күнделікті жейде (қысқы мезгілде: трикотаж жилет). Ұлдарға арналған шалбарлар еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұрады.

Қыздардың мектеп формасы:
Пиджак, жилет, юбка, шалбар, классикалық жейде Қыз балаға юбканың ұзындығы тізеден төмен болуы қажет және мектеп қабырғасында шалбар киюге рұқсат етіледі.
Мектеп формасына түрлі діни конфессияларға қатысты киім элементтерін қосуға болмайды.
Мектептің жұмыс тәртібі мен жалпы білім беру үрдісінің реті

Оқушылар сабақтан кейін, демалыс кезінде және мереке күндерінде мектепте қалуына, егер ол білім беру үрдісіне қатысы болмаса рұқсат етілмейді.

Оқыту сабақтары мектеп директоры бекіткен кестеге сәйкес жүргізіледі және жыл бойғы барлық оқу жұмыстарын директордың оқу ісі, тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары реттеп отырады.

1)Мектептегі академиялық сағаттың ұзақтығы-45 минут.

2)Сабақ арасындағы үзілістің ұзақтығы- 5-15 минут.

Оқыту үрдісінің жалпы ұзақтығы, оның ішінде оқыту жүктемесі, оқу күндерінің реті білім беру Ережесімен реттеледі.Оқу жүктемесі мен оқу күнінің реті бекітілген санитарлық ережелер «Балалар мен жасөспірімдерге білім мен тәрбие мекемелерінің санитарлық-эпидемиалогиялық талаптары» бекіткен қалыптан аспау керек.

Оқу жылының оқу апталары мен каникул күндері ҚР Білім және ғылым министрлігі бекіткен оқу жылының басталуы туралы бұйрығымен бекітіледі.
Оқушы тәртібінің ережелері
Оқушы мектепке сабақтың басталуынан кемінде 20 минут бұрын, үтіктелген мектеп киімімен сырт келбеті осы Ереже талаптарына сәйкес болып келу керек.
Оқушы мектепке кіргенннен кейін арнайы орынға сырт киімін шешеді.
Сабақтағы тәртіп:
1)сабақ басталар алдында оқушылар өзінің жұмыс орнын дайындап, қажетіне қарай сынып жұмысына дайындалу керек;
2)сыныпқа педагогикалық қызметкерлер кіргенде оқушылар сәлем беру белгісімен орындарынан тұрады, оған жауап алған соң орындарына отырады.
Осындай үлгіде сабаққа кірген үлкен кісіге сәлем береді.
3)сабақ кезіндегі оқушының уақыты тек оқу мақсатына ғана пайдаланылады. Сабақ уақытында дауыс көтеруге, өзінің, басқа оқушылардың көңілін ойынмен, басқа да сабаққа қытысы жоқ нәрселермен бөлуге жол берілмейді;
4)оқу үрдісіне кедергі келтіретін мобильді телефон мен басқа да техникалық құрылғыларды пайдалануға рұқсат етілмейді.Мобильді телефоннын өшіріп, партадан алып тастау керек. Педагогикалық қызметкер сабақта тәртіп бұзылғанда техникалық құрылғыларды алып қоюға құқылы. Тәртіп осылай бірнеше рет бұзылғанда оқушының заңды өкілінің көзінше қайтарылады.
5) мұғалімнің рұқсатынсыз сабақ уақытында сыныптан шығуға рұқсат етілмейді. Қажет болғанда оқушы мұғалімнен рұқсат сұрауы керек екендігі айтылды. Сондай-ақ, мектептің ішкі тәртіп ережесімен толық түсіндіріп өтті.

Ата-аналарға оқушылардың мектеп формасын сақтауға, сабаққа қажетті оқу-құралдарды толық әкелуін ескертті. Мектептің ішкі тәртіп ережесі орындалмаған жағдайда мектепішілік есепке алынатыны айтылды. Мектепте баланың өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында кезекшілік ұйымдастырылғаны туралы айтып кетті.

Үшінші мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Кадиров Е.Ж жасөспірімдердің арасында құқықбұзушылық алдын

алудың бірден- бір жолы баланың бос уақытын тиімді пайдалануға ата-ана ретінде көмек көрсету. Сонымен қатар, әкімшілік құқық бұзушылықтармен қысқаша таныстырып өтті.Балалардың қауіпсіздігін ұйымдастыруға байланысты айтатын болсам, қазіргі кезде елімізде жасөспірімдер мен кәмелеттік жасқа жетпеген балалар арасында зорлық - зомбылық, қорқыту, ұрлау, бала еңбегін қанау оқиғасы көбейіп кетті.Түрлі зорлық- зомбылықтың алдын алу мақсатында мен сіздерге қауіп – қатердің алдын алу бойынша қорғану, сақтану үшін мектепте құқықтық сабақтар өтіп тұрады.

Төртінші мәселе бойынша Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы таныстырылды.Мектепте түрлі себептермен кез келген мерекелік іс-шараларға, мекемеге қажетті кеңсе заттарымен шаруашылық заттарын сатып алу және тағы басқа мақсатта ата-аналардан, ата-аналар комитеті атынан ақша жинауға қатаң түрде тыйым салынғаны айтылды.

Бесінші мәселе бойынша жол көліктен жарақаттануды алдын алу және олардың зардабын анағұрлым төмендету жөнінде ДТІЖО – Сатыбалды А. ата-аналарға ескертулер жасады. Ол өз сөзінде қоғам үшін баланың денсаулығы мен өмірінің қауіпсіздігі- ең басты байлық. Сондықтан мектепке дейінгі ұйымдарда жолда жүру ережелеріне үлкен көңіл бөлінуде. Статистика бойынша, өкінішке орай, жол апаттары көптеп болуда. Соның ішінде балалардың жол апатына душар болуы жоғары көрсеткішті көрсетеді.Сол себепті балалардың өмір қауіпсіздігі дағдыларын мектепке дейінгі кезеңде қалыптастыру қажет. Жол заңы дұрыс жүріп, абай болуды талап етеді. Жол тәртібін бұзба, ол қатер тудырады. Жолдың қалыпты қозғалысы көбінесе балалардың жол бойында қалай болса солай жүріп, доп қуалайтыны, жүріп бара жатқан машинаға жабысатыны, қалтарыстан жолға шығып келетіні салдарынан бұзылады. Жол тәртібін бұзғандықтан кейбірулер машина дөңгелегіне ілініп қаза тауып, кейбіреулері жарақат алады. Кейбіреулері өмірлік мүгедек болып қалады. Балалар жолда жүру заңын сіз бен бізден үйренеді. Балалар үлкендердің жүріс-тұрысының жақсы жағын да, жаман жағын да қабылдайды. Көп жағдайда балалар жолда жарақат алып, түрлі жағдайға ұшырап жататыны көлік жүргізушілерінің ғана кінәсінен емес, ол көбінесе балалардың жол жүру ережесін білмегендіктен болады. Балаларға жолда жүру ережелерін үйретіп, үнемі оған үлгі көрсетіп және жүріс-тұрысын қадағалап, балаларды көшеде болатын қауіпті жағдайлардан сақтандыру әрбір ата-ананың міндеті,- деді.

Алтыншы мәселе бойынша мектеп психологы сөз алды. Ол өз сөзінде «Аутодеструктив» сөзі латын тілінен «қалыпты жағдайдағы құрылымының бұзылуы» деп аударылады. Аутодеструктивті мінез-құлық – қалыпты дамуға, адамның психологиясына кері әсер етеді. Яғни, суицид ауруы. Ежелде қазақ халқында өз-өзіне қол салу болған емес. Бұл заман өзгерісімен туындап отырған жағдай. Бүгінде қарасаңыз, толық емес, сәтсіз отбасылар көп. Осының бәрі өмірді әлі танып білмеген, ондағы қиындықтармен күресе алмайтын бала үшін ауыр соққы. Әке-шеше ажырасты да кетті, ал баланың жайы қалай болады? Ол бұны қалай қабылдайды, осыған ой жіберіп жатыр ма? Жоқ, әрине.

Осыдан келіп, баланың асыла салуы немесе жаман жолға түсуі сынды оқиғалар орын алады. Балалардың бақытсыздығына, олардың өз-өзіне қол салу әрекеттеріне баруына көп жағдайда отбасындағы жайсыздық пен мектепте түсінбеушіліктің орын

алуы себеп болуда. Балаларға жай ғана киімін, тамағын тауып беру аз, олар үнемі ата-ананың жылуын сезініп, жақсы көретінін біліп өсуі тиіс. Ал әке-шеше өз дәрежесінде көңіл бөлмейтін бала ешкімге керексізбін деп түсініп, психологиялық күйзеліске тап болады. Әсіресе, 15-17 жас аралығындағы жасөспірімдер өте әсершіл, кез келген нәрсені жүрегіне тез қабылдағыш. Түсіністік болмаған жағдайда осы жас аралығындағы балалар түрлі жағдайларға ұрынып жататыны белгілі. Олардың сабаққа құлқы болмай, өзге оқушылармен де қарым-қатынасы нашарлап кетеді. Өзін ұстауы мен мінез-құлқында өзгерістердің орын алуы мұғалімді де, ата-ананы да аландатуы тиіс.

Мектепте қарасаңыз, кейбір оқушылардың қолында қымбат ұялы телефон. Соны көрген басқа оқушылар да «менде неге ондай жоқ» деп күйінеді, әке-шешесіне ренжиді. Жай нәрседей көрінгенімен, мұның өзінен үлкен мәселе туындайды. Осы сияқты мектепте әртүрлі оқиағалар орын алуы мүмкін. Өзгерістерге бей-жай қарамай, психологтың көмегіне жүгіну арқылы көптеген мәселенің алдын алуға болады.

Шешім:

1. Мектептің жаңа оқу жылына бекітілген міндеттері орындалсын.
2. Мектептің жарғысы мен ішкі тәртіп ережесін оқушыларға таныстырысын, қатаң сақталсын және мектеп формасына қойылатын талаптар орындалсын.
3. Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында оқушыларға құқықтық жиналыстар өткізілсін;
4. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жұмыстары жоспарға сәйкес жүйелі жүргізілсін;
5. Жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында оқушыларға сынып сағаттары жүргізілсін;
6. Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу бойынша жұмыс жоспарға сәйкес жүргізілсін.

ДТІЖО – Сатыбалды А.Ш
ДТІЖО – Кадиров Е.Ж

ЖШС Dostyk School Shymkent мектебі

Х А Т Т А М А № 3

Шымкент қаласы

Күні: 19.05.2025 ж

Қатысқандар:

1. Абай АПБ ЮПБ қызметкерлері полиция лейтенанты Е. Құрбанқұл, Н.Бектас
2. Шымкент ҚПД Тұран АПБ ЖПҚБ ЮПБ УПИ полиция аға лейтенанты А.Егизбаева
3. Шымкент ҚПД Тұран АПБ ЖПҚБ ЮПБ УПИ полиция аға лейтенанты Елшібек Нұрсұлтан Бахытұлы
4. Шымкент КПД Тұран АПБ ӘЗЗҚТ инспеторы Полиция аға лейтенанты А.Абай
5. Мектеп директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары Е.Ж.Кадиров
6. Мектеп психологы Н. Ерекенова
7. Ұйымдастырушы-педагогы А.С.Серикбай
8. 10-11 сынып оқушылары және сынып жетекшілер

Күн тәртібінде:

1. Зорлық-зомбылыққа қарсы жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың есірткі нашақорлықтың алдын алу бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізу.
2. Құқық бұзушылықтың алдын алу.
3. Кәмілеттік жасқа толмағандардың түнгі мезгілде жүру заңдылықтары жөнінде түсіндірме жұмыстарын жүргізу.
4. Нашақорлықтың алдын алу

Тыңдалды:

Тұран АПБ ЮПБ қызметкері полиция лейтенанты Е. Құрбанқұл, Шымкент ҚПД Тұран АПБ ЖПҚБ ЮПБ УПИ полиция аға лейтенанты А.Егизбаева оқушыларға адам құқықтары мен бостандықтары туралы, құқық бұзушылық пен зорлық-зомбылықтың есірткі нашақорлықтың алдын ала бойынша және оған жол бермеу тақырыбында түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Тұран АПБ ЮПБ қызметкері полиция лейтенанты Н.Бектас оқушылар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын -алу, жолда жүру ережесін сақтауды ескерту, кәмелетке толмаған адамның ж Шымкент ҚПД Тұран АПБ ЖПҚБ ЮПБ УПИ полиция аға лейтенанты Елшібек Нұрсұлтан Бахытұлы нашақорлықпен күресу бір немесе бірнеше адам оңай жеңетін нәрсе емес екенін және Қазақстанның азаматы тысқары қалмауына жол бермеу тақырыбында түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Шымкент КПД Тұран АПБ ӘЗЗҚТ инспеторы Полиция аға лейтенанты А.Абай әбірленуіне (буллинг, лудомания, кибербуллинг) түсіндірме жұмыстары жүргізілді .

Құқық бұзушылық орын алған жағдайда дереу ішкі істер органдарына немесе ұстаздарға хабарлау керектігі де назарға алынды.

Екінші мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары мектептің ішкі тәртіп ережелеріндегі оқушылардың міндеттерін және Қазақстан Республикасында кәмелетке толмағандардың арасында құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша, балалардың қадағалаусыз қараусыз жүруінің салдары қандай заңбұзушылыққа ұрындыратындығы жөнінде және қазіргі қоғамда орын алып отырған өзекті мәселенің бірі басқа діни ағымдар, сырттан келіп жатқан түрлі ағымдардан сақтану керек екенін айтып өтті.

Сонымен бірге тақыпқа сай бейнероликтер көрсетілді.

Шешім:

1. Сынып жетекшілерге сынып оқушыларымен қосымша профилактикалық түсіндірме жұмыстары жүргізілсін.
1. Балалардың бос уақытын қадағалау ата-аналар тарапынан күшейтілсін.

Мектеп директоры И.Х.Хамидов

ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІ
Dostyk School Shymkent
БСН/БИН 210840010623
ТОВАРИЩЕСТВО С ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ